



Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 64 " Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 24 қаңтардағы № 1 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 30 қаңтарда № 9925 болып тіркелді

Науырзым ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 наурыздағы № 64 "Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы" қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9843 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 1-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Науырзым ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны ресми жарияланғанынан кейін Науырзым ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау "Науырзым ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Науырзым ауданының әкімі

К. Абишев

"КЕЛІСІЛДІ"

Науырзым аудандық
сайлау комиссиясы

Науырзым
ауданы әкімдігінің
2023 жылғы 24 қаңтардағы
№ 1 қаулысына
қосымша
Науырзым
ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 30 наурыздағы
№ 64 қаулысына
1-қосымша

Науырзым ауданының аумағында үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Қараменді ауылы	<p>Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауданы білім бөлімінің Докучаев жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта;</p> <p>"Арман" мәдени-демалыс орталығы ғимаратының жанындағы тақта;</p> <p>"Науырзым ауданы Қараменді ауылдық округі әкімінің аппараты " мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта;</p> <p>Қостанай облысы әкімдігі басқармасының "Науырзым ауданының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта;</p> <p>"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қостанай облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Науырзым ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесі</p>
2	Шолақсай ауылы	<p>Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауданы білім бөлімінің Шолақсай жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта;</p> <p>"Науырзым ауданы Шолақсай ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта</p>
3	Қожа ауылы	<p>Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауданы білім бөлімінің Науырзым жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта;</p> <p>ауыл клубы ғимаратының жанындағы тақта</p>
		<p>Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым</p>

4	Шилі ауылы	ауданы білім бөлімінің Шилі жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта
5	Дәмді ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауданы білім бөлімінің Дәмді жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта
6	Мереке ауылы	Ауыл клубы ғимаратының жанындағы тақта
7	Өлеңді ауылы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауданы білім бөлімінің Өлеңді негізгі орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта
8	Раздольное ауылы	"Науырзым ауданы Раздольное ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта
9	Буревестник ауылы	"Науырзым ауданы Буревестник ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта; Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының "Науырзым ауданы білім бөлімінің Буревестник жалпы білім беретін мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының жанындағы тақта